

«ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы



ЖОБАҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ

МАМАНДАР

Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және АӨК саласы

Ауылдық елді мекенге жұмыс істеуге және тұруға келген

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫНА НЕ КІРЕДІ?

КӨТЕРМЕ ЖӨРДЕМАҚЫ

70 АЕК
241 500 ТЕҢГЕ

ТҰРҒЫН ҮЙ САТЫП АЛУ НЕМЕСЕ САЛУҒА

1500 АЕК – 5 175 000 ТЕҢГЕ
0,01%

ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАЙДА ТАПСЫРУҒА БОЛАДЫ?

«Отбасы банк» арқылы онлайн қабылданады

"Дипломмен ауылға" кімдер бара алады

Бағдарламаға ауылдық жерлерге барған немесе бұрыннан тұрып жатқан мамандар қатыса алады. Бірақ нақты салалар белгіленген. Олар:

- денсаулық сақтау;
- білім беру;
- әлеуметтік қамсыздандыру;
- мәдениет;
- спорт;
- агроөнеркәсіптік кешен мамандары;
- ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері;

Аудандық әкімдіктер мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдіктері жыл сайын өз елді мекеніне қажетті мамандардың тізбесін жасап отырады. Осы тізім бойынша жұмысқа келген адамдарға жеңілдетілген кредиттер мен жәдемақы беріледі.

Кредиттің сомасы өсті

Бұған дейін "Дипломмен ауылға" бағдарламасы аясында берілетін кредиттердің ең жоғары сомасы 1500 АЕК (5,5 миллион теңге) болса, биылдан бастап оның мөлшері 2000 АЕК-ке (7 миллион 384 мың теңгеге) дейін өсті. Ал аудан орталығына барған мамандар 2 500 АЕК (9,2 млн теңге) кредит рәсімдей алады. Ақша тұрғын үй сатып алуға немесе салуға ғана беріледі.

Кредиттің шарттары:

- мөлшерлеме 0,01%-ға тең (ЖТСМ – жылдық 0,01%-дан басталады);
- мерзімі – 15 жыл;
- Негізгі талапқа сәйкес, кредит алған адам ауылдық жерде өз мамандығы бойынша кем дегенде 3 жыл жұмыс істеуі керек.